

Бекітемін
«Армантай» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Усебова Л.Р.



Кел, Жаңа жыл!



Тәрбиеші: Орымбаева Т.
Ермедетова А.

Шымкент 2021-2022 жж

Мақсаты:Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру. Образдық бейнелерді сондайбілуге үйрету, хормен және жеке ән айтушеберліктерінарттыру. Би қимылдарын қызығушылықпен, ырғақты сақтай орындауға төселдіру.

Зал мерекеге сай безендірілген

Әдемі әуен жіберіледі.

Жүргізуші:Сәлем бізден баршаға

Құттықтаймын жар сала,

Бүгін бізде жаңа жыл,

Қош келіпсіз шыршаға.

2 Тезірек тездетіп мында жиналыңдар.

Басталды жаңа жылдық шыршамыз.

Маска да, биде бар шығыңыздар

Шырша жанына балаларды қарсалыңыздар.

“Балауса” тобының балалары әдемі киімдерімен бірінен соң бірі ырғақты әнімен залға кіреді.

1 тәрбиеші:Армысыңдар қымбатты ата-аналар.

2 тәрбиеші:Армысыңдар құрметті қонақтар.

1 тәрбиеші:Сәлеметсіздер ме балалар.

2 тәрбиеші:Сендер бүгін қандай әдемі киініп алғансыңдар.

1 тәрбиеші:Ақшақар қарашы? Мына жерге шыршамызға әдемі кейіпкерлеріміз ертегілер елінің кейіпкерлері мен сайқымазақтары жетіпті.

2 тәрбиеші:Ал балалар бүгін қандай мереке?

Балалар:“Шырша” мерекесі.

1 тәрбиеші:Шыршамыз қандай әдемі, қандай керемет. Ойыншықтары да өте көп екен. Балалар шырша туралы ән айтайық.

“Шырша жыры”. Хор.

1 тәрбиеші:Балалар шырша жанында бір нәрсе тұрған сияқты. Қане не екенін ашып көрейікші (көңілді ән). Қораптың ішінен "сайықмазақ" айқайлап күліп шығады.

Сайықмазақ: Ой балалар рахмет сендерге. Қораптың іші қандай қараңғы. Мына жер неткен әдемі, тамаша. Мен сендерге шырша тойына қатысып, жаңа жылды бірге қарсы алсам бола ма? Мәссаған мұнда менің кішкентай достарым көп екенғой, ендеше сайықмазақтар биін билейік.

Би: Гномики

1 тәрбиеші:Балалар бізде әдемі шыршамыз бар, әдемі киінген кейіпкерлеріміз бар, ата-аналарымыз бар. Енді бізге шыршамыздың жанына кім жетіспейді?

Балалар:Аяз-ата.

Ақшақар.

2 тәрбиеші:Ендеше бәріміз Аяз-ата мен Ақшақарды қол соғып ортамызға шақырайық.

(Балалар аяз-атаны дауыстап шақырады).

Аяз-ата: Сәлеметсіздерме балалар!

Күнтізбеде қалыпты.

Жалғыз ғана бір парақ

Дайындалдым жыл бойы

Жолға шығып келдім ап.

1 тәрбиеші:Аяз ата біздің шыршамыз сізді асыға күтуде. Балаларда мерекені өткізуге асығуда, қанекей шырша шамын жағып жіберейік.

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат } Зрет .

Шамдарыңды жарқырат

(Шырша шамы жанады, алақайлап қол соғады)

Ән: "Жаңа жыл".

2 тәрбиеші: Аяз ата біздің балаларымыз әдемі тақпақтарын айтпақшы. Қане, олай болса кезекті бүлдіршіндерге берейік.

Айлин.

Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мүз болады қатады

Жып жылтыр боп жатады

Асалина.

Ән айтамыз би билейміз

Біз көңілді баламыз

Шаршауды біз білмейміз

Тақпақ айтып би билеп

Аяз Атадан сыйлық аламыз

Рамазан .

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын

Маржана.

Жаңа жыл келгенде

Қуанып қарсы аламыз

Аяз ата келгенде

Билейміз ән саламыз

Аяна:

Тамаша - тамаша

Шыршамыз түр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

3) Аяз ата:Жарайсыңдар балалар. Не деген өнерлі бүлдіршіндер.

1 тәрбиеші:О достар жараңдар

Қилы – қилы заман бар

Сиыр жылы жылыстап

Кетіп барады қараңдар

Қанекей балалар

Қош айтысып қалайық.

(Сиыр даусымен сиыр келеді ортаға)

2 тәрбиеші:Балалар бізге жақсылықтарымен толы болған тауық жылына бір сый тарту етейік.

Би:Сыған биі.

1 тәрбиеші:Жаңа жыл келді. Барыс жылы.

Тілегім болсын мәңгі анық аспан.

2022жылға қадам басқан

Гүлдене бер Қазақстан

Келесі жыл бастауын Жаңа жылға.

2 тәрбиеші:Ар бол, бар бол Жаңа жыл

Бейбітшілік жылы бол

Құтты болсын Жаңа жыл.

4) Жаңа жыл. Балалар мен сіздерге қатты асықтым. Кешіккен жоқпын ба?
(Өз тілегін айтады)

1 тәрбиеші: Жаңа жыл біздің балаларымыздың сізге арнаған тақпақтары бар.
Қабыл алыңыз.

Дінмұхаммед.

Жаңа жылда бақшамыз

Гүлдей болып жайнасын

Аман болсын барлық бала

Шат шадымымынойнасын

Жаңа жыл келді

Ая.

Жаңа жыл жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

2 тәрбиеші: Жаңа жыл біздің балаларымыз шетінен өнерлі талантты. Менің
кішкентай бүлдіршіндерім "Қарқызы" биін билемек.

Би: "Қарқызы" биі.

1 тәрбиеші: Құрметті Жаңа жыл, Аяз ата, ата-аналар, қонақтар осымен
бүгінгі біздің мерекелік шарамыз өз мәресіне жетті. Қане бәріміз бірге

"Жаңа жыл" әнін айтайық.





